



"Занды тұлғалардан бюджетке табыс салығын есептеу және төлеу тәртібі туралы" " N 33 Нұсқаулыққа өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитеті 1997 жылғы 3 ақпандағы N 25. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 26 ақпандың тіркелді. Тіркеу N 34. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"
Қазақстан Республикасының K010209_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

21. "Занды тұлғалардан бюджетке табыс салығын есептеу және төлеу тәртібі туралы" N 33 Нұсқаулығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің 1997 жылғы 3 ақпандағы N 25 V970034_ бұйрығы. -----

Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Z952235_ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңының қабылдануына байланысты бұйырамын:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясының N 33 V950078_ "Занды тұлғалардан бюджетке табыс салығын есептеу және төлеу тәртібі туралы" Нұсқаулығына мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін және 1997 жылдың 1 қаңтарынан бастап әрекетке енгізілсін;

1. Екінші тармақ мынадай мазмұндағы мәтінмен толықтырылсын:
"Мемлекеттік салық комитетінің Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігімен, Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісілген ұсынысы бойынша бірыңғай салық төлеуші ретінде, бір өндірістік кешенде іс-әрекетті жүзеге асырушы бірнеше занды тұлғаларды айқындауға құқылы".

2. Ушінші тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Жылдық кіріс жиынтығы арасындағы айырмашылық ретінде есептелетін және шегеріммен белгіленетін, салық салынатын кірістер табыс салығы салынатын кешендер болып табылады. Ол салық төленген сәтке, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі курсы бойынша теңгемен есептеледі".

3. Бесінші тармақтың бірінші абзацындағы "жалпы кіріс" сөзі "өнімді еткізуден (жұмыстан, қызмет көрсетуден) түскен табыс" сөзімен ауыстырылсын және одан әрі мәтін бойынша.

4. Алтыншы тармақта "жалпы кіріс" сөзі "өнімді еткізуден (жұмыстан, қызмет көрсетуден) түскен табыс" сөзімен ауыстырылсын және одан әрі мәтін бойынша.

Төртінші абзацтағы "төленген", "алынған", "алынғандар" сөздері алғыншы тасталсын және одан әрі мәтін бойынша.

алтыншы тармақтың соңғы абзацындағы "өтелетін шегерімдер" сөзінен кейін "ұтыстар" сөзімен толықтырылсын және одан әрі мәтін бойынша.

- мынадай мағынадағы абзацпен толықтырылсын: "ұтыстар - бұл, занды тұлғалардың конкурстарда, жарыстарда (олимпиадаларда), фестивальдарда, салымдар бойынша, бағалы қағаздар бойынша, лотереялар бойынша заттай және ақшалай түрде алған табыстардың кез келген түрі".

5. Жетінші тармақтың екінші сөйлеміндегі "алынған кездегі" сөзі "алынғаннан" сөзімен ауыстырылсын және одан әрі мәтін бойынша.

6. Оныншы тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда оқылсын:

"Жылдық жиынтық кірістен оны алуға байланысты және белгіленген тәртіппен салық салу кезінде ескерілетін, оның ішінде еңбек ақы төлеуге, қызметкерлерге материалдық және әлеуметтік жағдайлар туғызуға, арналған табыс салығы салынған шығындар, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға, Қазақстан Республикасының зандарымен реттелетін арнаулы қорларға аударылатын аударылымдар, материалдық шығындар, жылдық төлемдер мен басқа шығындар шегеріледі, амортизациялардың нормаларына сәйкес есептеу жүргізілетін күрделі сипаттағы шығындардан басқалары".

Оныншы тармақтың бірінші абзацы мынадай мағынадағы мәтінмен толықтырылсын:

"Іссапар, үкімет шығындары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде шегеріледі".

Оныншы тармақтың екінші абзацы алғыншы тасталсын.

7. Он төртінші тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "

Өндірістік мақсаттарға арналған жеке құрылыштар бойынша шығындар және өндірістік мақсаттар үшін ең кемі үш жыл пайдалануға алынған технологиялық жабдықтардың құны амортизациядан қалған сома шегінде, амортизациялық кезеңінің кез-келген сәтінде, салық төлеушінің қалауы бойынша шегеруге жатады. Салық мақсаттарына арналған технологиялық жабдықтарға өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдер мен халық тұтынатын тауарлар шығару үшін тікелей қолданылатын технологиялық жүйелер мен басқа да жабдықтар жатады. Аталған өндірісте жанамалай пайдаланылатын көлік құралдарына, мебельдерге және басқа да негізгі қорларға арналған шегерімдер технологиялық жабдықтарға жатпайды".

8. Жер қойнауын пайдаланушылардың геологиялық зерттеуге, барлауға және пайдалы қазбаларды өндіруге даярлық жұмыстарына жұмсалған шығындар, бағалау, орналастыру бойынша шығындары және қол қойылған бонустар мен коммерциялық аударымдар түрінде жылдық кіріс жиынтығынан шегеруге жатады және жеке топ құрайды. Осы топ бойынша амортизациялық аударымдар 1-топтың негізгі қорларының амортизациялық нормаларының шегі бойынша пайдалы қазбалар өндіріле бастаған сәттен бастап бе жыл көлемінде жүргізіледі, ал төленетін қалған бөлігі жер қойнауын пайдаланушының қалауы бойынша айқындалатын, одан кейінгі амортизациялық кезеңінің нормалары бойынша кез-келген сәтте, бес жыл көлемінде шегеріледі. Жер қойнауын пайдаланушының бюджетке нақтылы төлеген, өзара келісім аумағында мемлекет жүргізген, тарихи шығындардың орнын толтыру сомалары шегерімге жатады.

Материалдық емес активтерге арналған шығындар 3-топтың негізгі қорларының амортизациялық ставкалары бойынша амортизациялық аударымдар түрінде шегеруге жатады".

9. Он жетінші тармақтың бірінші абзацындағы екінші сөйлем алынып тасталсын.

10. Он сегізінші тармақ мынадай мағынадағы мәтінмен толықтырылсын:

"Заңдарға сәйкес жасалған, өзара шарт негізінде жер қойнауын игерумен айналысатын заңды тұлға осы кен орнының жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды аяқтауға байланысты, кен орындарын ашу (резерв қоры) зардаптарын жою қорына аударылған шегеруге құқылы. Кен орындарын ашу зардаптарын жою қорына аударымдарды аудару көлемі мен тәртібі кен орындарын ашу зардаптарын жоюға арналған шығындар сомаларының жобасынан шыға отырып, Құзыретті органдардың келісімі бойынша, шарттарға салық сарабын жүргізу, кен орындарын ашудың барлық мерзіміне жер қойнауын пайдалану шартымен тағайындалды. Егер, кен орындарын ашу зардаптарын жою бойынша нақтылы шығындар, көрсетілген қорға есептелген аударымдардан төмен болған жағдайда, пайдалы айырмашылық, жер қойнауын

пайдаланушының салық салынатын кірісіне енгізіледі".

11. Он тоғызыншы тармақтың бірінші абзацындағы бірінші сөйлемнің "бухгалтерлік есеп жөніндегі ережелермен" сөзі "бухгалтерлік есеп стандартымен" сөзімен ауыстырылсын. Екінші сөйлемдегі "үш" сөзі алынып тасталсын және "ФИФО, ЛИФО немесе орта өзіндік құны" сөздері "орташа ұстамды құн, ФИФО, ЛИФО және спецификалық иденификацияның" сөзімен ауыстырылсын және одан әрі мәтін бойынша.

12. Жиырмасыншы тармақ мынадай мағынадағы абзацпен толықтырылсын:

"_____ жер қойнауын игерушінің қазақстандық кадрларды оқытуға және аймақтардың әлеуметтік салаларын дамытуға нақтылы жұмсалған (төленген) шығындары, жер қойнауын пайдалану шарттарында белгіленген сомалар шегінде ;

- зандарға сәйкес жасалған, жер қойнауын пайдалану шарттары негізінде қызметтерін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы, барлық салық төлеушілер үшін көзделген, шегерімдерден басқа, салық салынатын кірістердің сомасын анықтау кезінде бонустар мен роялтилердің сомалары бойынша шегерімдерге құқысы бар".

13. Жиырма екінші тармақтың бірінші абзацындағы "бес жылға дейін" сөзінен кейін "қосып" сөзі қосылсын, онда әрі мәтін бойынша.

Осы тармақ мынадай мағынадағы абзацпен толықтырылсын:

"Жер қойнауын пайдалану шарты бойынша жүзеге асырылатын қызметке байланысты жинақталған шығындарды кірістерге салықты есептеу кезінде, жер қойнауын пайдаланушы толық жеті жылғы мерзімге дейін ауыстырады. Бұл ретте, барлауға және өндіруге жасалған шарт бойынша кен орындарын барлау және орналастыру шығындарына байланысты жинақталған шығындарды ауыстыру, пайдалы қазбаларды өндіру басталған жылдан басталады.

Мысал: "Х" компаниясы сутегіні барлауға және өндіруге шарт жасады. Іс барысында, осы шарт бойынша компания төрт жыл бойына барлау жұмыстарын жүргізіп, бесінші жылы коммерциялық маңызы бар мынадай кен орнын ашады және сол жылы сол кен орнын игеруге және мұндайды өндіруге кіріседі.

Бұл жағдайда, компанияның геологиялық зерттеулерге, барлауға және пайдалы қазбаларды өндірудің даярлық жұмыстарына, жаздырылған бонустардың және коммерциялық ашу бонустарының төлемдеріне жұмсалған барлық шығындар өндіру басталған жылдан бастап, өткен барлық жылдар көлемінде қорландырылуы керек. Аталған шығындар бойынша, салық зандарына сәйкес айқындалған, жинақталған шығындар сомасын ауыстыру мұндей өндіру басталған жылдан - бесінші жылдан бастап басталады және әр жылдың шығыны одан кейінгі жеті жылғы мерзімге дейін ауыстырылуы мүмкін".

14. Жиырма төртінші тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Занды тұлға есептеме жүргізу әдісі бойынша салық салу мақсатында шығыстар мен кірістерді анықтайды.

Есептеме жүргізу әдісі бойынша - төлем уақытына байланыссыз, жұмыс орындалған, қызмет көрсетілген, мүліктің жәберілу және қабылдау сәтінен бастап кірістерге және шегерімдерге сәйкес есептелетін ұфым түсініледі". Бұл тәртіп 1997 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енеді. Кассалық есеп бойынша есеп жүргізілетін занды тұлға есептеу әдісі жүргізілген сәттен бастап кіріс және шығыс бөліктеріне түзету жүргізуге міндettі. 1997 жылдың 1 шілдесіне дейін есептеудің бұрын белгіленген тәртібі әрекет етеді.

15. Қырық бірінші тармақтағы "өтініш бере алады" сөзі "N 7 "A" қосымшаның N 1 үлгісі бойынша "сөзімен толықтырылсын, одан әрі мәтін бойынша.

16. Қырық екінші тармақтағы "ұсталған сомаларды қайтару туралы белгіленген үлгі бойынша" сөзі "N 7 қосымшаның N 2 үлгісі бойынша" сөзімен ауыстырылсын.

17. Қырық үшінші тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер, резидентке шетел занды тұлғасының жарғылық қорының бөлісі тікелей немесе жанамалап жататын болса немесе ол өз кезігінде өз елінде жеңілдетілген салық бойынша табыс алатын, бұл занды тұлғаның дауыс беруші акцияларының бөлігіне ие болса, онда резидентке қатысты бұл кіріс немесе кірістің бөлігі, оның салық салынатын кірісіне енгізіледі. Бұл тәртіп, сондай-ақ, занды тұлға құрамай-ақ кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың басқа үлгілерімен резиденттің қатысуымен қолданылады".

Мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Егер, қандай да бір тұлға Қазақстан қатысушысы болып табылатын, қолданыстағы халықаралық келісімдерде көрсетілген жеңілдік беру құқын алған жағдайда, онда бұл тұлға осы нұсқаулықтың 8-қосымшасының үлгісі бойынша, халықаралық келісімге сәйкес табысқа салық салудан босатуға тіркелген жері бойынша салық қызметінің органдарына өтініш бере алады".

18. Қырық алтыншы тармаққа мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

- бірінші абзацтағы "және жеке тұлғалар" сөзі алынып тасталсын.

Мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Төлем төлейтін занды тұлғаның шаруашылық субъектісі қызметкерінің тікелей немесе жанама табыстары және кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес басқа шығыстарының, төлем салығы 15 процентпен алғынады".

19. Елуінші тармаққа мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

- бірінші абзацтағы "денені дамыту" сөзінен кейін "Қазақстан

Республикасының Қызыл Жарты Ай және Қызыл Крест қоғамы" сөзімен толықтырылсын, бұл қоғамдардың меншігі болып табылатын және" сөзінен кейін "толық" сөзімен толықтырылсын, одан әрі мәтін бойынша,

- екінші абзацтағы "жарғылық қызметі" сөзінен кейін "оның ішінде демеушілік көмек, тіркелу және мүшелік жарна, қайырымдылық көмек, аударымдар мен жәрдем ету түрінде алынған кірістер, жоғарыда аталған қаржылар өтеусіз негізде берілген жағдайда, сондай-ақ өтеусіз берілген мүліктер бойынша", одан әрі мәтін бойынша;

- елуінші тармақ мынадай мағынадағы алтыншы абзацпен толықтырылсын: "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің лицензиясы бар банктер мен банктік емес қаржы мекемелері негізгі қорларды құру және жаңғырту үшін үш жылдан артық мерзімге берілген орта мерзімді және ұзақ мерзімді инвестициялық несиелер бойынша алынған проценттер бойынша".

20. Елу бірінші тармақтағы "олардың қызметкерлерінің жалпы саны" сөздерінен кейін "қосымша" сөзімен толықтырылсын, одан әрі мәтін бойынша.

21. Алпыс үшінші тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын занды және жеке тұлға салық қызметінің органдарына мәлімдеген салық жылы үшін, табыс салығының ықтимал сомасының 1/12 бөлігінен шыға отырып, әр айдың жиырмасынши күнінен кешіктірмей аванстық төлем сомасын бюджетке енгізуі керек.

Жұмыстарды науқандық сипатқа немесе басқа да жағдайларға ие, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын занды және жеке тұлға салық қызметі органдарының келісімі бойынша, салық жылы көлемінде төлеуге жататын аванстық төлемдер сомасын анықтайды.

Занды тұлғалар табыс салығы бойынша алдын-ала есептеулер жүргізуге салық қызметі органдарына (почтамен, курьермен) есепті тоқсан үшін сайын екінші айдың 15-күніне дейін ұсынады. Авансстық төлемдерді анықтау тәртібі нұсқаулықтың N 15 қосымшасында көрініс тапқан. Кіріске табыс салығын салу бойынша авансстық төлемдерді есептеу үшін табыс салығынан босатылған, шегерілуге жататын салықтар мен орын алған шығындар төлем көзінен ұсталған кіріс сомаларына түзетіледі.

Занды тұлға салық органына тиісті салық жылшының 20 қаңтарына дейін әр айға бөліп, табыс салығының ықтимал сомасы туралы анықтаманы көрсетуге міндettі. Анықтама нұсқаулықтың N 66 қосымшасында.

Табыс салығының енгізілген авансстық төлемдерінің сомалары салық жылы үшін салық төлеушіге есептелген табыс салығының есебіне есептеледі".

22. Алпыс сегізінші, сексен сегізінші және сексен бірінші тармақтардағы "ағымдардағы" және "ағымдағы" сөздері "авансстық" және "авансты" сөздерімен ауыстырылсын.

23. Сексен бірінші тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Аванстық төлемдер сомаларының көлемін кеміткені үшін айыппұл төлеу салық салынатын нысанды кемітіп көрсеткен жағдайда қолданылады. Аванстық төлемдерді уақытылы төлемеген жағдайда белгіленген мөлшерде өсім алынады".

"Бір жылда нақтылы табыс салығы есептелген сома жыл ішінде аванстық төлемдер сомасынан 10 процент мөлшерінде асып кетсе - салық төлеушіге салық салынатын кірістің 2 проценті көлемінде, 25 процент асып кетсе - салық салынатын кірістің 5 проценті көлемінде айып салынады.

24. Сексен екінші тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Есептеме көрсетілмеген тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізу үшін операциялар өндірістен дайын өнімдер қоймасына беру, сауда қоймаларына тауарларды сактау, сауда кәсіпорындарында сатуға қойылған тауарлар бойынша операциялар және өткізу процесімен байланысты және

бухгалтерлік регистрлерде есептелмеген операциялар болып табылады".

25. Сексен бесінші тармақтағы "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы" сөздері "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық инспекциясы" сөздерімен ауыстырылсын.

26. Жылдық кіріс жиынтығы және Қазақстан Республикасындағы қызметін тұрақты өкіл арқылы жүзеге асыратын шетел заңды тұлғаларынан шегерімдерді есептеу туралы Декларация үлгісі мынадай мағынадағы 14, 15-тармақтармен толықтырылсын.

"14. Проценттерден табыс көзінен ұсталған салықтар бойынша есеп.

15. Дивидендтерден табыс көзінен ұсталған салықтар бойынша есеп".

14-тармақ соған сәйкес 16-тармақ болып саналсын және "есептелген" сөзі "төленген" сөзімен ауыстырылсын.

Декларация үлгісі мынадай мағынадағы 17-тармақпен толықтырылсын.

"17. Есептемелер мен аванстық төлемдер сомасы (14 бет + 15 бет + 16 бет)".

14, 16-тармақтар соған сәйкес 18, 19-тармақтар болып есептелсін.

27. Нұсқаулықтың 2-қосымшасының 2-тармағындағы "амортизация нормалары" сөздерінен кейін мынадай мазмұндағы кесте енгізілсін:

"Амортизацияға жататын негізгі қорлар амортизацияның мынадай шекті нормаларының топтары бойынша таратылады:

1.	Құбырлар: мұнайгазқұбырлары; пайдалы	25
	қазбаларды өндіру және өндеуге арналған	
	жабдықтар, машиналар және механизмдер,	
	мәліметтерді өндеу бойынша компьютерлер,	
	периферийлік қондырығылар және жабдықтар	
2.	Жолдарда пайдалануға арналған	20
	автотрактор техникасы;арнаулы құралдар,	
	заттар және жабдықтар	
3.	Женіл автомобильдер; таксилер;	
	автомобиль көлігінің жылжымалы құрамы;	
	жүк автомобильдері; автобустар, арнаулы	
	автомобильдер және автоприцептер. Қую	
	өндірісінің барлық өнеркәсіп салаларына	
	арналған машиналар мен жабдықтар;	
	темір ұсталық-престік жабдықтар;	
	электрондық жабдықтар; құрылыш	
	жабдықтары; ауылшаруашылық машиналары	
	мен жабдықтары. Оғистерге арналған	
	мебельдер.	
4.	Басқа топтарға енгізілмеген	
	амортизацияланатын активтер	10
5.	Темір жол, су және өзен көлік	8
	құралдары. Күш машиналары және	
	жабдықтар; жылутехникалық жабдықтар,	
	турбиндік жабдықтар, электр	
	двигательдері және дизель-генераторлар.	
	Электрлі хабар тарату және байланыс	
	қондырығылары	
6.	Үйлер, құрылыштар, салынған құрылыштар	7

Салық төлеуші өз қалауы бойынша кез-келген салық жылында амортизацияның басқа нормаларын қолдануға құқылы, бірақ мөлшерлі шектен аспауы керек".

28. Нұсқаулықтың "Аванстық төлемдер және бюджетпен орталықтанған есеп айырысу тәртібі туралы" 6-қосымшасы бекітілсін.
29. Осы Нұсқаулық 1997 жылдың 1 қаңтарынан әрекетке енгізіледі.
Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік салық комитетінің
төрағасы, Салық қызметінің
1 дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі

ҚР ҚМ-нің Бас ғылыми-зерттеу

институтының 1995 жылғы
28 шілдедегі N 33 Нұсқаулығына
6-Қосымша

Аванспен өтемақы төлеудің бюджетпен
орталықтандырылған есеп айырысудың
ТӘРТІБІ

Күәліктің негізінде жұмыс істейтін занды тұлғалар сол сияқты жеке тұлғалар әр айдың жиырмасынан кешіктірмей салық қызметінің органдары белгілеген салық жылы үшін жобаланған табыс салығының белгіленген сомасынан шығарып бюджетке өтемақы төлеуге міндettі.

Маусымдық жұмыстар жүргізетін немесе басқа жағдайлары бар занды тұлғалар салық қызметі органдарымен келісілген көлемде бюджетке салық жылының ішінде төленуге тиіс бюджетке аванспен төленетін өтемақыны уақытылы төлеп отыруға міндettі.

Мұндай жағдайда N 6 қосымшаға сәйкес ай сайын бөлінген табыс салығының жобаланған сомасы жайлы анықтама әрбір салық жылының 20 қаңтарына дейін салық органдарына тапсырылады. 1997 жылдың қаңтар айының аванстық өтем ай, жыл аяқталған соң жылдың басынан бастап өсімнің үдемелі қорытындысы бойынша 15 мамырда: 15 тамызда, 15 қарашада және 15 ақпанда табыс салығы бойынша алдын-ала есептемелер жүргізеді ақысы анықтама берілген күннен кейінгі 5 күннің ішінде, бірақ 25 қаңтардан кешіктірілмей төленеді.

Тарамдалған филиалдары мен бөлімшелері бар төлемшінің ұсынысы бойынша салық органы төлемшінің тұрған орынына байланысты төлемақы төлеудің тағайындалған мерзімінен 20 күнге кешікпеген басқа уақытын тағайындей алады.

Табыс салығының бюджетке біркелкі тусуі және салық төлеушілерге айып санкциясының қолданылмауы үшін - занды тұлғалар бірінші тоқсан, бірінші жарты жыл және 9 ай мен жыл біткен соң жылдың басынан бастап үдемелі қорытынды бойынша 6 В қосымшаға сәйкес салық есебі айқындаған табыс салығының алдын-ала болжалған есептерін тапсырады.

(Амортизация үшін өтемақы төлеу соңғы салық жылдының соңындағы топтың баланс бағасының 12 айға бөлінгенде бөлігімен есептелінеді. Жөндеу үшін жұмсалатын қаржы жөндеуге кететін шығынның нақты сомасымен, төленген өтемақының соңғы салық жылдындағы топтың баланс бағасының 10%-інде ықшамдалып шектелген көлемімен есептелінеді. Амортизация үшін төлемдерді және шығындарды реттеу салық жылдының бойына жүргізіледі). Тапсырылған есептердің көрсетулері бойынша табыс салығына жататын төлемдер төлемақы авансынан асып кеткен жағдайда, салық төлеуші асып кеткен соманы кезекті төлемақы авансының мерзіміне шейін бюджетке төлеуге міндettі, ал керісінше аванс төлемақысы табыс салығының сомасынан асып кеткен жағдайда қолданымдағы зандарға сәйкес артық төленген сома салық төлеушіге қайтарылады немесе есепке алынып қойылады. Қажет болған жағдайда салық төлеуші салық жылдында төленеді деп жоспарланған табыс салығы сомасының көлемінің анықтамасына өзгертулер енгізе алады.

Авanstық төлемнің көлемінен аскан төленуге тиіс табыс салығынан ауысқан өтемақы сомасын төлемеген жағдайда аванс төлейтін кезекті мерзімнің басынан бастап, аванс төленген соңғы күнге шейінгі мерзім арасында салық төлеушіге айыпақы есептеу түрінде айыппұл санкциясы салынады.

Мысалы:

Кәсіпорын 1997 жылға жобаланған табыс салығының көлемі 120 млн. теңге деп белгілеген. Осыған сәйкес ол 1997 жылдың 20 қаңтарынан бастап 20 желтоқсанға дейін әр ай сайын 10 млн. теңге табыс салығын төлеп отыруға тиіс. Алдын ала жасалған есеп бойынша 1997 жылдың бірінші тоқсанында төленуге тиісті табыс салығы 39 млн. теңге, демек ай сайын кәсіпорын 13 млн. теңге төлеуге тиіс. Бірінші тоқсан үшін есеп берудің соңғы мерзімі 15 мамыр, ал кезекті авanstық өтемақысын төлеудің соңғы мерзімі 20 мамыр екендігін ескере келе, кәсіпорын 10 млн. теңге сомасындағы аванс өтемақысының сомасына қоса, бірінші тоқсанда төленбegen 9 млн. теңге сомасы көлемінде қосымша төлемақы төлеуге міндettі. Кәсіпорын қажет болған жағдайда 1997 жылғы табыс салығының жобаланған сомасына 120 млн. теңгеннің орынына 156 млн. теңге

көрсетіп сәуір айы үшін қосымша 13 млн. теңге төлеп 1997 жылдың 20 мамырынан бастап 13 млн. теңге көлемінде аванс өтемақысын төлеуге міндетті.

1997 жылдың 20 мамырына дейін 9 млн. теңгені төлемеген жағдайда төлемақыны төлеген күнге шейін кәсіпорынға айыппұл салынады.

Жыл бойына төленетін табыс салығы төлемақысының сомасы нақты есептелген табыс салығынан 10%-ке көп болған жағдайда салық төлеушіге салық төлеуге жататын пайданың 2 проценті көлемінде, ал 25 проценттен асып кеткен жағдайда салық төлеуге жататын табыстың 5%-і көлемінде айыппұл салынады.

Мысалы:

1997 жылы төленеді деп жобаланған табыс салығының жобасы туралы анықтамада кәсіпорын 120 млн. теңге төлейді деп жоспарланды да, салық қызметі органдарын алдын-ала жасалған есепті тапсырған жоқ. Сосын 1997 жылдың қорытындысы бойынша барлық жылдық табыс және занды тұлғалардан алынған табыс бойынша кәсіпорын табыс салығының көлемін 156 млн теңге сомасы көлемінде көрсетіп декларация тапсырады. Есепті өткізбегендіктері және жоғарыда келтірілген мысалдағы тәртіп бойынша салынған айыппұлды қоса есептегендеге табыс салығының көлемі аванс өтемақысының сомасынан асып түскендейтін ($156:120 \times 100 - 100$) кәсіпорын табыс салығын 35%-тік ставка бойынша 182 млн. теңге сомасы көлемінде, салық төлеуге жататын табыстан 520 млн. теңге сомасы көлемінде айыппұл санкциясы салынады.

1996 жылдың желтоқсан айы үшін занды тұлғалардың табыстарынан алынатын табыс салығының төлемақысы бұрын тағайындалған тәртіптер бойынша алынады.

Бір занды тұлға болып табылатын басты (негізгі) кәсіпорындар мен олардың бөлімшелері Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер туралы" қаулысының 6 бабының 2 тармағына сәйкес бюджетпен есептескенде занды тұлғалар бойынша салықты толық төлеуге тиіс.

Аймақтар бойынша жинақталған төлемдерді бюджетке біркелкі түсіру мақсатында салықтың бюджет тұрған жерлердегі көрсеткіштері және занды тұлғалардың табыс салығынан бюджетпен есептесу 6 А қосымшаға сәйкес бағынышты бөлімшелердің қаржы нәтижелерін қоса есептеп, басты кәсіпорындар салық салынатын табыстан түскен жинақталған сома бойынша барлық занды тұлғалардан алынған өзіндік жалпы үлесі бойынша бөлінуге тиіс.

Табыс салығы бойынша бюджетпен орталықтандырылған есеп жүргізгенде, занды тұлғалардан бюджетке табыс салығын, аванс төлемақысын қоса есептегендеге басты кәсіпорын тікелей өзінің есеп-шотынан жүргізеді, төлем жасау үшін жергілікті банктерде есеп айырысу шоттары бар өзінің бөлімшелеріне төлем қағазын береді.

Басты кәсіпорын занды тұлғалар үшін табыс салығын өзінің бөлімшелеріне

төлеуді тапсырған кезде, олар төлемақы төлеу туралы есеп қағазының көшірмесін 6 Г қосымшасында көрсетілген форма бойынша қаржының бюджетке аударылатын мерзімін көрсетіп салық органдарына жіберуге міндettі.

Мұндай жағдайда салық төлеушілердің және салық органдарының оны салық қағазын өздері орналасқан жер бойынша салық төленетін уақыттан 5 күн бұрын алуларын қамтамасыз ету керек.

Занды тұлғалардан алынатын табыс салығының төленгендігі жайлы есеп қағазы төлем жасалатын уақыттан өтіп кетіп барып берілсе қолданымдағы заңға сәйкес айыпақы салынады.

Занды тұлғалардан бюджетке төленген табыс салығының есеп қағазының жинақталған тізімін 6 Д қосымшасының формасына сәйкес осы занды тұлғаның бюджетпен есеп айырысуының бақылау есебі бойынша басты кәсіпорын салық органына тапсырады.

Бюджетпен орталықтандырылған тәртіп бойынша есептесетін барлық занды тұлғалар бюджетке беретін төлемақыға бақылау жасауды қамтамасыз ету үшін салық органына салық есебінің жиынтығын: сол сияқты занды тұлғалар мен оларға тікелей бағынышты бөлімшелерден табыс салығынан бюджетке аударылған есеп жайлы уақтылы мәлімет беріп отыруға тиіс.

Салық төленуге тиіс табыстан төленетін занды тұлғалардың және басты кәсіпорыннан алынатын табыс салығының сомасы салық төлеушіден бюджеттің кірісіне жылдық жалпы табыс бойынша есептеп шығарылған табыс жайлы декларация жарияланғаннан 10 күннің ішінде, салық қызметінің хабарлауын күтпей-ақ 10 сәуірден кешіктірмей келесі есепті жылында қосымша төленеді.

ҚР Мемлекеттік салық
комитетінің
" " _____ 1995 жылғы
N 33 Нұсқаулығына
6 А-Қосымша

Занды тұлғалар бөлімшелер арасындағы табыс
салығын бөлудің

Мысалы

Занды тұлғалардан алынатын табыс салығы және аванс өтемақылары тұрған жері бойынша есепке алынған бөлімшелердегі занды тұлғалардан олардың қосқан орташа үлесіне байланысты және жіберілген өнім көлеміне (жұмыс атқару, қызмет көрсету) негізгі қордың бағасына және есептелген еңбекақыға байланысты төленеді.

N | Занды тұлға және|Тарамның|Еңбек. |Негізгі| Салықты |Тенге
 |оның бөлімшелері|көлемі |ақыны |қордың |бөлудің |есебімен
 || | | | | есептеу|бағасы |орташа |сома
 || | | | | | | өзіндік |
 || | | | | | | | үлесі |

1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7

1.	Алматыда	5%	60%	70%	136%:3-45%	67500
	тіркелген басты					
	к/о					
2.	Қарағандыдағы	20%	7%	6%	33%:3-11%	16500
	бөлімше					
3.	Павлодардағы	35%	8%	4%	47%:3-15,7%	23550
	бөлімше					
4.	Ақтаудағы бөлімше	25%	5%	9%	39%:3-13%	19500
5.	Қостанайдағы	15%	20%	11%	465:3-15,3	22950
	бөлімше					
	Барлығы	100%	100%	100%	100%	150000
	Жана тұлғалардың және филиалдарының арасындағы табыс салығы мен					
	аванс төлемақыларының есебі басты кәсіпорынның салық қызметіне					
	олардың жылдық декларациясына байланысты төленеді.					

Артық төленген қаржыны қайтару тиісті бюджеттің негізгі орташа есебімен жасалынады.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің
1995 жылғы 28 маусымдағы
N 38-інші нұсқаулығына
6 Б қосымша

салық төлеушінің
реттік саны

Аудандық, қалалық

бөлімі бойынша

салық төлеушінің толық
аты-жөні

АНЫҚТАМА

занды тұлғалардың табыстарының

1997 жылғы табыс салығының

жобаланған сомасы

1. Салық салынатын табыстың жорамалы

2. Белгіленген кезеңдегі жасалған шығынның
сомасы (әрбір салық жылы бойынша
көрсету керек)

3. Ауыстырылған шығынның есебімен
жорамалданған салық салынатын кіріс

4. 1997 жылғы салық салынатын кірістің
жорамалданған сомасы

5. Әр ай сайын белгіленген табыс салығына
аванс төлем ақысы

Барлығы | I | II | III | IV | V | VI | VII | VIII | IX | X | XI | XII

(Занды тұлғаның
басшысы)

(Бас бухгалтер)

(қолы)

(қолы)

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі Бас
салық инспекциясының
1995 жылғы 28 маусымда
шыққан N 33 нұсқаулығына
6 В қосымша

Салық төлеушінің
реттік саны

(Ауданы, қаласы)

(Салық төлеушінің
аты-жөні)

Төлеген мерзімі _____

Төлеген нақты

уақыты _____

занды тұлғаның табыс салығы бойынша

19 ___ жылғы " " _____ айдағы жобадағы
ЕСЕБІ

Көрсеткіштері

Сомасы мың теңге
есебімен

-
1. Салық салынатын табыс _____
 2. Салынатын салық сомаға есебі:
 - a) кірістер, төлем көзінің төлемі,
табыс салығынан босатылу _____
 - b) есептеп алынатын салықтар _____

- в) күтілген шығындар _____
4. Салық салынатын кірістер _____
5. Төленуге тиіс табыс салығының
сомасы _____
6. Аванс өтемақысының нақты төленуі _____
7. Уақытында төленуге тиіс қосымша _____
8. Азайтуга _____

Ескерту: 1-тармақ бюджетке аванс төлеудің орталықтандырылған
есебі бойынша тағайындалған тәртіпке сәйкес
амортизацияға аударылатын және негізгі қордың
жөндеуі бойынша есеп ескеріліп толтырылады.

Банк мекемесінің аты саны	Есеп шоттың реттік
Занды тұлғаның басшысы _____ (қолы)	Салық бөлімінің басшысы _____ (қолы)
Бас бухгалтер _____	Бөлім бастығы _____

телефон нөмірі	

Негізгі кәсіпорынның штампы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының 1995 жылғы 28 маусымдағы шыққан N 33 нұсқаулығына 6 Г қосымша
--------------------------------	--

_____	кімге _____
	(салық төлеушінің аты-жөні)
	Мекен-жайы _____

_____	Көшірмесі _____
	(салық органының аты)
	Мекен-жайы _____

Занды тұлғалардан бюджетке табыс салығын төлеудің

ЕСЕП ҚАҒАЗЫ

(Басты кәсіпорынның аты)

жергілікті банк мекемесіне заңды тұлғалардан 199__ жылы (1000 теңге
көлемінде) төленетін мына табыс салығының бюджетке сомасын аударуын
ұсынады

Көрсеткіштер | 199__ жыл үшін | 199__ жылдың айы үшін

Заңды тұлғалардың | |
табыс салығы | |

Барлығы | |

Заңды тұлғалардың бюджетке табыс салығын уақытында және толық
аударулын қамтамасыз етініз.

Басты кәсіпорынның басшысы _____
(қолы)

Салық инспекциясының бастыры _____
(қолы)

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі Бас
салық инспекциясының
1995 жылғы 28 маусымдағы
шыққан N 33 нұсқаулығына
6 Д қосымша

Мұнда занды тұлғалардан 199__ жылғы төлеу

анықтамасының жиынтығының реестрмен қатынасы жайлышы

анықтама қоса беріледі.

ЖИЫНТЫҚ РЕЕСТР

Бөлім.| Салық салынатын | Табыс салығының|Есеп |Есеп
шениң | табыстың сомасы | сомасы |қағазы |қағазын
аты | | | жіберілген|жіберген
| | | | | салық |уақыты
| | | | | органының |және реттік
| | | | | аты |саны
жыл	оның ішінде	жыл	оның ішінде							
бойы	тоқсан сайын	бойы	тоқсан сайын							
на		на								
	I	II	III	IV		I	II	III	IV	

Басты кәсіпорынның басшысы _____
(қолы)

Салық инспекциясының бастығы _____
(қолы)

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік салық комитетінің

1995 ж. 28 маусымдағы N 33

нұсқаулығына

N 7 қосымша

N 2 үлгі

Салық бөліміне _____

Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрмaston,

қызметін жүзеге асырушы шетелдік занды тұлғалардың

табыс көзінен ұсталған салықты қайтаруға

МӘЛІМДЕМЕ

1. Шетелдік занды тұлғаның толық атауы _____

2. Шетелдік занды тұлғаның резиденттік елі _____

3. Шетелдік занды тұлғаның толық адресі _____

(индексі, қала, үй N, телефон, факс)

4. Өкілетті тұлғаның резиденттік елі мен толық адресі _____

(индексі, қала, үй N, телефон, факс)

Қазақстан Республикасы мен _____

(елдің атауы, Келісімнің толық атауы)

арасындағы қосарланған салықты болдырмау туралы Келісімнің
(Конвенцияның) _____ бабының ережесіне сәйкес _____

тұрғысында алынған, табыс көзінен ұсталған салықтың сомасын маған
қайтаруды сұраймын.

5. Кірісті төлеген кәсіпорынның, мекеменің, үйымның атауы, адресі

және салық төлейтін тіркеу нөмірі (СТН) _____

-
6. Кірістің төленген уақыты _____
 7. Салық ұсталғанға дейінгі кірістің сомасы _____
 8. Ұсталған салықтың сомасы _____
 9. Қайтарылуға тиісті салықтың сомасы _____
 10. Қайтарым сомасын N _____ есеп-шотқа аударуды сұраймын

11. Осылармен:

- а) аталған кірістің, Қазақстан Республикасы мен _____

арасында қосарланған салықты болдырмау туралы Келісімде (Конвенцияда)
көрсетілгеніндегі, осы мекемеге немесе тұрақты базага жатпайтынын;
б) аталған кіріс пайда болған күні мәлімдемешінің іс жүзінде оның иесі болып
саналғанын;
в) осы мәлімдеменің тармағында кірістер (дивидендтер) пайда болған күні
мәлімдемені дивидендтерді төлеуші-компания капиталының (дауыс

құқығының) кемінде _____ процентінің иесі болғаны көрсетілгенін;

г) бұл кірістің _____ толықтай салық салуға
жататынын;

д) айғаксыз деректер бергені үшін Қазақстан Республикасының
зандарында көрсетілген жауапкершлік туралы хабардар екендігімді;
е) өтініште келтірілген ақпараттар айғақты және толық. Келешекте
болуы мүмкін, кез-келген өзгерістер туралы Қазақстан Республикасының
салық органдарын дер кезінде хабардар етіп тұратындығымды растаймын.
Толтырылған уақыты мен орыны _____

М.О. Қолы _____
 (мәлімдемеші)

ҚҰЗЫРЕНДІРГІЛГІЛІК ОРГАН _____
(елдің және органның атауы)

растайды:

1. Мәлімдемеші шындығында Қазақстан Республикасы мен _____

(елдің атавы және Келісімнің толық атавы)
арасындағы қосарланған салықты болдырмау туралы Келісімнің
(Конвенцияның) тұрғысынан резидент болып табылады, және осы
Мәлімдеменің З тармағында көрсетілген мекен-жай бойынша ұдайы тұрып
келеді.

2. Мәлімдемешінің Қазақстан Республикасында алған табысы

(елдің атавы)
салық салуға жатады.
Уақыты және толтырылған орны _____

М.О. Қолы _____
 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ ОРГАНЫНЫҢ
 БЕЛГІСІ

Бюджетке _____

(сомасы цифрлармен және жазбаша)
қайтарылуға тиіс.
Салық бөлімінің бастығы _____
(қолы)

М.О. 1997 ж. " "
 ЕСКЕРТУ:

1. Осы мәлімдемеде барлық ақшалай сомалар төлем (аударым) валютасымен
көрсетіледі.

2. Мәлімдеме үш данаға толтырылады және мәлімдемешінің тұрақтап тұрған
елінің құзыретті органдарымен расталады. Бұдан кейін мәлімдеменің екі данасы
Қазақстандағы кіріс төленген орын бойынша салық органына тапсырылады.
Салық органы қолдағы мәлімдеменің аталған елмен Келісімнің (Конвенцияның)
ережелеріне сәйкестігін тексеріп, екі данаға тиісті белгі қояды және олардың
бірін мәлімдемешіге қайтарады. Басқа дананы салық органы жоғары тұрған
республикалық органға жібереді.

3. Мәлімдеме салық ұсталған қүннен бастап ізденудің ескіру мерзімі өткенге
дейін тиісті салық органына берілуге тиіс. Бұл мерзім өткеннен соң берілген
мәлімдемелер қарауға қабылданбайды.

4. Мәлімдеменің кіріс алушы емес, осыған өкілеттік берілген тұлғаның беруі
мүмкін. Бұл жағдайда өкілетті тұлға нотариалдық тұрғыда хатталған өкілеттілігін

көрсетуге тиіс.

5. Мәлімдемені елдің, қосарланған салық төлеуді болдырмау туралы
Конвенцияда айтылған, құзыретті органы ғана растайды.

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік салық комитетінің
1995 ж. 28 маусымдағы N 33

нұсқаулығына

N 7 "А" қосымша

N 1 үлгі

Салық бөліміне _____

Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрмaston,

қызметін жүзеге асыруши шетелдік занды тұлғаларды
кіріс салығынан босату, кіріс салығының
ставкаларын төмендету туралы

МӘЛІМДЕМЕ

1. Шетелдік занды тұлғаның толық атауы _____

2. Шетелдік занды тұлғаның резиденттік елі _____

3. Шетелдік занды тұлғаның толық адресі _____

(индексі, қала, үй N, телефон, факс)

4. Өкілетті тұлғаның резиденттік елі мен толық адресі _____

(индексі, қала, үй N, телефон, факс)

Қазақстан Республикасы мен _____
(елдің атаяы, Келісімнің толық атаяу)

_____ (кірістің түрі көрсетіледі)
арасындағы қосарланған салықты болдырмау туралы Келісімнің
(Конвенцияның) _____ бабының ережесіне сәйкес _____

_____ (кірістің сомасын жазбаша көрсетіледі)

есептелген салықты Қазақстан Республикасына төлеген кезде салықты
ұстамастан, оны ішінара ұстап, (қажеттісінің асты сызылсын)
есептелген салықтың сомасын маған төлеуге рұқсат етуді сұраймын.
5. Кірісті төлеген кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның атаяуы, адресі
және салық төлейтін тіркеу нөмірі (СТН) _____

6. Қазақстан Республикасының _____

зандарына сәйкес мәлімделген кіріс салығының ставкасы
7. _____ Келісімнің (Конвенцияның) ережелеріне
сәйкес салықтың ставкасы

8. Осымен:

а) аталған кірістің, Қазақстан Республикасы мен _____

арасында қосарланған салықты болдырмау туралы Келісімде (Конвенцияда)
көрсетілгеніндей, осы мекемеге немесе тұрақты базага жатпайтынын;
б) аталған кіріс пайда болған күні мәлімдемешінің іс жүзінде оның иесі болып
табылатынын;
в) осы мәлімдеменің тармағында кірістер (дивидендтер) пайда болған күні
мәлімдемеші дивидендтерді төлеуші-компания капиталының (дауыс құқығының)
кемінде процентінің иесі болғаны көрсетілгенін;
г) бұл кірістің _____ толықтай салық салуға

жататынын;

д) айғаксыз деректер бергені үшін Қазақстан Республикасының
зандарында көрсетілген жаупкершілік туралы хабардар екендігімді;

е) мәлімдемеде келтірілген ақпараттар айғақты және толық. Келешекте болуы мүмкін, кез-келген өзгерістер туралы Қазақстан Республикасының салық органдарын дер кезінде хабардар етіп тұратындығымды растаймын.
Толтырылған уақыты мен орыны _____

М.О.

Қолы _____
(өтінішінің)

ҚҰЗЫРЕТТИ ОРГАН

(елдің және органның атауы)

растайды:

1. Мәлімдемеші шындығында Қазақстан Республикасы мен _____

(елдің атауы және Келісімнің толық атауы)

арасындағы қосарланған салықты болдырмау туралы Келісімнің (Конвенцияның) тұрғысынан резидент болып табылады, және осы Мәлімдеменің З тармағында көрсетілген мекен-жай бойынша ұдайы тұрып келеді.

2. Мәлімдемешінің Қазақстан Республикасының бастауынан алатын
күтілімдегі табысы

(елдің атауы немесе Келісім бойынша кірістің ставкасы)

салық салуга жатады.

Уақыты және толтырылған орны _____

М.О.

Қолы _____

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ САЛЫҚ ОРГАНЫНЫҢ
БЕЛГІСІ

Осы мәлімдемеде көрсетілгендердің Қазақстан Республикасы мен

(елдің атауы және Келісімнің толық атауы)

арасындағы қосарланған салық салуды болдырмау туралы Келісімнің (Конвенцияның) _____ бабының ережелеріне сәйкес келетіндігі және аталған кірістен мәлімдемешіге есептелетін салықтың сомасы _____

(сомасы цифрлермен және жазбаша)

құрайтындығы расталған.

Салық бөлімінің бастығы _____

(қолы)

М.О.

1997 ж. " "

ЕСКЕРТУ

1. Мәлімдеме үш данаға толтырылады және мәлімдемешінің тұрақтап тұрған елінің құзыретті органдарымен расталады. Бұдан кейін мәлімдеменің екі данасы Қазақстандағы кіріс төленген орын бойынша салық органына тапсырылады. Салық органы қолдағы мәлімдеменің аталған елмен Келісімнің (Конвенцияның) ережелеріне сәйкестігін тексеріп, екі данаға тиісті белгі қояды және олардың бірін мәлімдемешіге қайтарады. Бұл даналардың біреуін мәлімдемеші Қазақстан Республикасында оған кіріс төлейтін кәсіпорынға немесе ұйымға тапсырады. Осы негізде Қазақстан Республикасында салық төлеушіні салық ұстаудан не толық, не ішінара босату жүргізіледі. Мәлімдеменің көшірмесін кірісті төлейтін кәсіпорынның немесе ұйымның тұрған орны бойынша салық органына тапсырған жән.

2. Осы мәлімдемеде барлық ақшалай сомалар төлем (аударым) валютасымен көрсетіледі.

3. Мәлімдемені кіріс алушы емес, осыған өкілеттік берілген тұлғаның беруі мүмкін. Бұл жағдайда өкілетті тұлға нотариалдық тұрғыда хатталған өкілеттігін көрсетуге тиіс.

4. Елдің құзыретті органы қосарланған салықты болдырмау туралы Конвенцияда айтылуға тиіс.

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік салық комитетінің
1995 ж. 28 маусымдағы N 33
нұсқаулығына
N 8 қосымша

Мәлімдемешінің СТН

|||||||

Қазақстан Республикасы мен _____
арасындағы
"

халықаралық Келісімге сәйкес
кіріс салығынан босатуға

МӘЛІМДЕМЕ

1. Мәлімдемешінің толық атауы _____

2. Мәлімдемешінің толық адресі _____

(индексі, қала, үй N, телефон, факс)

3. Қазақстан Республикасы мен _____
(елдің атауы, Келісімнің толық атауы)

Келісімнің (Конвенцияның) _____ бабының ережесіне сәйкес (әрі қарай "Келісім") жүзеге асырылған қызметтен алынған, жоғарыда аталған Келісімде көзделген, кіріс сомасының салығынан босатуға рұқсат етуді сүраймын.

4. Келісімге сәйкес орындалған жұмысты немесе көрсетілген қызметті растайтын, _____

арасында қол қойылған өзара шарттың (келісімің) нөмірі және
уақыты _____

5. Өзара шарттың жалпы сомасы _____

6. 199 ж. " " _____дан " " _____ға дейінгі
кезеңдегі кірістің сомасы:

- жоспар бойынша _____
- іс жүзінде _____

7. _____
келісімге сәйкес 199 ж. " " _____дан " " _____ға
дейінгі кезеңдегі кірістің сомасы _____

8. Осымен:

а) мәлімдемеде келтірілген ақпараттар айғақты және толық, Келешекте болуы мүмкін, кез-келген өзгерістер туралы Қазақстан

Республикасының салық органдарын дер кезінде хабардар етіп тұратындығымды,
б) айғақсыз деректер бергені үшін Қазақстан Республикасының зандарында көрсетілген жауапкершілік туралы хабардар екендігімді, - растаймын.

Толтырылған уақыты мен орыны _____

М.О. Қолы _____
(мәлімдемешінің)

Ескерту: Қажет болған жағдайда мәлімдемеші, босатуға рұқсат етудің негізі болып табылатын, Келісімнің мәтінін көрсетуге міндетті.

Қазақстан Республикасы салық органының
БЕЛГІСІ

Осы мәлімдемеде көрсетілгендердің Қазақстан Республикасы мен
арасындағы _____

"_____ келісімнің _____ бабының ережелеріне сәйкес келетінін және мәлімдеменің _____ тармағында көрсетілген, _____ табыстың мәлімделген сомасы шын мәнінде кіріс салығынан босатуға жататынын, растаймыз.

Салық бөлімінің бастығы _____

М.О. Қолы

199 ____ ж. " "

ҚР МСК

1995 ж. 28 маусымдағы N 33

нұсқаулығына

N 9 қосымша

СТН

|||||||

Салық бөліміне _____

(аудан, қала бойынша)

(Занды тұлғаның толық атауы)

Тапсыру мерзімі _____

Іс жүзінде тапсырылды _____

Салықтың сомасын төлем көзінен ұсташа туралы

АНЫҚТАМА

Төлемнің түрі | Төлем | Салық | Салық
| сомасы | ставкасы | сомасы

1. Тұрақты мекемелермен байланысы жоқ, | | xxxx |
резидент еместерге қазақстандық | | |
көздерден, оның ішінде: | | |

a) дивидендер мен проценттер | | 15% |

б) сақтандыру және кепілдіктерді қайта | | 5% |
сақтандыру шарттары бойынша теленетін | | |
сақтық төлемдер | | |

в) ҚР мен басқа республикалар арасындағы | | 5% |
Халықаралық байланыстағы немесе | | |
тасымалдаудағы телекоммуникациялық | | |
және көліктік қызмет үшін | | |

г) Роялти жөніндегі, қызмет көрсету | | 20% |
кірістері, басқару жөніндегі қызметті | | |
қоса, кеңес беру қызметтері, жалға | | |
беру, тағы басқалар жөніндегі | | |
(29 бапқа сәйкес ставкалар бойынша | | |
алынатын, еңбекке ақы төлеу түрінде | | |
жүргізілетін төлемдерден басқа) | | |

II. Қызметкерлердің тікелей және жанама | | |
кірістері болып табылатын төлемдер | | |
(оның ішінде іссапарлық және өкілдегі | | |
шығындардың межесінен асып кеткені) | | |

III. Шаруашылық субъектісінің қызметкери | | 29 бапта |
болып саналмайтын және кәсіпкерлік | | көзделген
қызметпен байланысы жоқ жеке | | ставка |
тұлғаларға төлемдер | | бойынша |
| | алынады |

IV. Кәсіпкерлік қызметтің субъектісі | | |
ретінде тіркелмеген жеке тұлғаларға | | |
төлемдер | | |

Барлығы: - ұсталғаны | | | |
- аударылғаны | | | |

Салық төлем жасалған ай біткеннен соң бес күннің ішінде
бюджетке аударылады.

Кәсіпорының (бірлестіктің,

ұйымның) басшысы _____

(қолы)

Бас бухгалтер _____

(қолы)

Бөлім бастығы _____

(қолы)

Төлем көзінен салық ұстай туралы анықтама

берудің

Тәртібі

Күеліктер негізінде жұмыс істейтін занды тұлғалар, сондай-ақ жеке тұлғалар төлем көздеріне занды тұлғалар мен жеке тұлғалардан табыс салығын ұстай туралы анықтама тапсыруға міндетті.

Анықтама занды тұлғалардан алынатын табыс салығы жөніндегі тоқсандық есеппен бір мезгілде тапсырылады.

Бұл орайда, Қазақстан Республикасы Президентінің "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заң күші бар Жарлығының 160 бабына сәйкес, кірістің төленетін көзінен ұсталмаған табыс салығының сомасы кірісті төлеген занды және жеке тұлғалардан қайтарып алынады.

Барлық шаруакор субъектілер, 145 бапқа және 172 баптың 11 тармағына сәйкес, анықтамаларды тапсыруға міндетті саналады, осы орайда салық төлеуші салық қызметтің талабы бойынша орындалған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер жөнінде өздері жүзеге асырған төлемдер туралы ақпарат беруге міндетті және салық органдары кәсіпкерлік қызмет туралы мәліметтерді, анықтамаларды, сондай-ақ құжаттарды талап етуге құқықты.

Төлем көзінен салық ұстай туралы анықтамалар берілмеген кезде салық

органдары ұйымдар мен азаматтардың есепшоттары және басқа шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтатып қоюға құқықты, сондай-ақ қолданыстағы зандарға сәйкес лауазымды тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тартады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК